

Қарағанды облысы білім басқармасының  
Осакаров ауданы білім бөлімінің «№8 ЖББМ» КММ.

# Сынып сағаттың такырыбы:



*«Ұлы даңа  
перзентімін»*

**5 сынып**



2023 – 2024 о.ж.

Педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда)	<b>Қарабай М.Қ</b>
Күні:	<b>13.11.2023 ж</b>
Сынып: 5	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Тәрбие тақырыбы	«Ұлы Даға перзенті»
Максаттары	Оқушыларға қазақстандық патриотизм идеясын дамыту. Аталардың батырлық дәстүрін, тарихын, ерлік істерін қастерлеп, рухын көтеру, үлгі тұту, мақтаныш сезімдерін ояту және оларға құрметпен қарау. Жас ұрпақты бейбітшілікті сақтауға және нығайтуға, ерлікке, адал да батыл болуга тәрбиелу.

**Сабактың барысы:**

Сабактың кезеңі/ уақыт	Педагогтың әрекеті	Ресурстар
<b>Сабактың басы 5 мин</b>	<p>Оқушылармен сәлемдесу, психологиялық ахуал орнату.</p> <p><b>Тренинг -шешберге тұрып бүгінгі күнге сәттілік тілейді.</b></p>  <p><b>Мұғалімнің сөзі:</b></p> <p>-Отан – әр адамның жүргегіне жылы тиер қасиетті сөз. Отан – сенің тұган елің, тұган жерің, дос – жарандарың, тұған туысқаның. Отан-бұл өзіңнің тұратын, өмір сүретін, қызмет ететін жерің. Отан адам үшін біреуға. Отанды анаға тенейді. Себебі, Отан сендерді анаңдай қорғайды, көмектеседі, құш береді. Біз Отанымызды, елімізді сүйеміз.</p> <p>Отансыз адам – қай жерде жүрсе де бейшара адам. Өзіңнің еліне, Отанына, жеріне, ата-бабаңың төккен қаны мен теріне адап болуын керек. Қайда жүрсе де, не істесе де қазағын-елін ойлап, осыны көркейтсем, кіндік қаным тамған елім аман болып, оның дәрежесі жоғары болса, қай мемлекетке барсам да мені сыйлайды деген түсінікте болу керек.</p>	 <p align="center">Шаттық шеңбері</p>
<b>Сабактың ортасы 25 мин</b>	<p><b>Отан деген не? (Оқушылардың пікірлері)</b></p> <p><b>“Тұған жеріне не бересің?” ойыны</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Сендер тұрып жатқан жер, яғни Орда ауылы қандай ағашпен бай? Карагайдың қандай пайдасы бар? Оқушылардың жауабы</li> <li>Ағаш – адамның күнкөрісіне қажет және рухани өмірде ерекше орын алатын табигат нысаны. Тәуелсіз Қазақстанның болашағы сендерсіндер! Еліміздің көркейуіне, гүлденуіне «Тұған жеріне не бересің?» ойыны арқылы өз үлестерінді қосындар.</li> <li>– Міне, сендерге қарағай ағашын дайындағым.</li> <li>– Ағашқа не жетіспейді? жапырақтары</li> <li>– Сендердің парталарында жапырақтар жатыр. Дайын тұрған жапыраққа «Тұған жеріне не бересің?» сұрағының жауабын жазып, оқып, қарағай терегіне ілеміз. Мысалы: әдемі үй салу...).</li> </ul> <p>(Жұмыс аяқталған соң, жапырақтарды жинап, ағашқа әр бала жапырағын ілеdi.)</p>	<p align="center">Компьютер</p> 

## Сөзжұмбак



## Сұрақтары:

1. Қ.И.Сәтбаев 1942 жылы осы өңірде мыс кен орындарын ашқаны үшін мемлекеттік сыйлыққа ие болды? (Жезқазған) 2. Айша бибі кесенесі орналасқан қала? (Тараз)
3. "Қозы Қөрпеш-Баян сұлу" кесенесі орналасқан өңір? (Аягөз)
4. 1854 жылы негізі қаланған Верный бекінісі қазіргі таңда қай қала? (Алматы) 5. 1833 жылы Аппак Байжанов тас көмірін тапқан қала? (Қарағанды) 6. 1999 жылы ЮНЕСКО-ның шешімімен "Бейбітшілік қаласы" атағын алған қала? (Астана) 7. Қазақ ақындары И.Жансүгіров, С.Сейфуллин жыр арнаған қай қала? (Көкшетау) 8. Үшінші алтын киімді адам табылған аудан? (Зайсан) 9. Қазақстанның тұсті metallurgия орталықтарының бірі болып саналатын қала? (Өскемен)

## Постер қорғау «Патриот деген ол ....»

- Әскери міндетке жауапкершілікпен карау;
- Туган жерге деген ыстық сезім;
- Ата- баба өсietтіне адал болу;
- Өз Отанын құшті, айбынды ету, гүлдендіруге ұмтылу;
- Бойындағы құш- қуаты мен білімін Отан игілігі мен мұддесі үшін жұмсау;
- Ана тіліне деген құрмет;
- Өз халқының әдет- ғұрпын және салт- дәстүрін құрметтеу;
- Елдің тарихын құрметтеу;
- Қазақстанда мекен ететін халықтарға деген құрмет сезім;
- Өз халқының әлеуметтік, мәдени жеңістері үшін мақтану;
- Мемлекеттік рәміздерге құрметпен карау;
- Заңға бағыну;
- Үкіметті сыйлау;
- Қандай да бір қастандық әрекеттерден Отанын қорғауға дайын болу;
- Туган жерге, ата- бабасы жатқан жерге құштарлық;
- Республиканың экономикалық, қорғаныстық әлеуетін тыңбай нығайту;
- Басты байлығымыз – табиғат пен қоршаған ортаны гүлдендіру

## Сұрақ-жауап ойыны.

1. ҚР елтаңбасында не бейнеленген? – (тұлпар, шанырақ, жұлдызша, күн)
2. Қазақстан өз тәуелсіздігін қай жылы алды? – (1991 жыл 16 желтоқсан)
3. «Отан қорғау» дегенді қалай түсінесің?

	<p>4. Қазақстан қандай мемлекеттермен шектесіп жатыр?. Қытай, Ресей, Қыргыз, Өзбек, Түркменстан, Әзіrbайжан республикаларымен</p> <p>5. Әнұранның авторларын ата? – (Ш.Қалдаяқов, Ж.Нәжмединов, Н.Назарбаев.)</p> <p>6. ҚР тұнғыш президенті кім? – (Н.Н.Әбішұлы)</p> <p>7. ҚР неше облыс бар? – (14 облыс)</p> <p>8. Қазақ хандығының құрылғанына неше жыл?</p> <p>9. Тұнғыш қазақ ғарышкері кім? – (Тоқтар Әубәкіров)</p> <p>10. Конституция күні? – (30 тамыз)</p> <p>11. Облысымыздан шығатын газет? –</p> <p>12. ҚР тәулісіздігін алғанына биыл неше жыл толады?</p>	
<b>Сабактың соңы 10 мин</b>	<p>Тәрбие сағатын “<i>Өз Отанының патриоты болу – Қазақстанды өз жүрегінде ұялату</i>”.</p> <p><i>Менің жетістігім:</i></p> <p>Мен .....білемін. Мен .....түсінемін. Өзім .....орындаимын.</p>	Презентация